

- 5 Копаева А.К. Шутки и языковые обороты в художественном тексте: лингвокультурологический аспект // Вестник Торайгыров университета. Филологическая серия. – 2022. – №4. – С. 159-167.
- 6 Raskin V. The Primer of Humor Research. – Berlin/Boston: De Gruyter Mouton, 2008. – 673 p.
- 7 Chlopicki W., Brzozowska D. Humorous Discourse. – Berlin/Boston: De Gruyter Mouton, 2017. – 229 p.
- 8 Калининцева М.О. Актуализация категории комического в тексте типа «анекдот» на испанском языке: лингвокогнитивный аспект: дис. ... канд. филол. наук. – Пенза, 2013. – 177 с.
- 9 Карасик В.И. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.
- 10 Бородин Л.В. Антропоцентризм юмористического дискурса (на материале русского и французского анекдота): автореф. дис. ... канд. филол. наук. – Волгоград, 2015. – 18 с.
- 11 Leacock S. Humour and Humanity: An Introduction to the Study of Humour. – New York: Henry Holt and Company, 1938. – 280 p.
- 12 Boxer D., Cortés-Conde F. From Bonding to Biting: Conversational Joking and Identity Display // Journal of pragmatics. – 1997. – №27. – P. 71-79.
- 13 Dramlitsch T. The Origin of Humor and How Evolution Really Works. – Berlin/Boston: De Gruyter Mouton, 2018. – 214 p.
- 14 Davis M.J., Hofmann J. The Humor Transaction Schema: a Conceptual Framework for Researching the Nature and Effects of Humor // Journal Humor. – 2023. – №36 (2). – P. 323-353.
- 15 Санников В.З. Русский язык в зеркале языковой игры. – М.: Языки славянской культуры, 2002. – 552 с.
- 16 Морозова А.М. Жанровая специфика юмористического дискурса // Вестник ЛГУ им. А.С. Пушкина. – 2013. – №1 (1). – С. 216-222.

Материал поступил в редакцию журнала 23.11.2024

МФТАР 16.21.47

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss1pp92-104](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss1pp92-104)

Б.Е. Кеңес¹, А.С. Ақтанова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

²Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана, 010000, Қазақстан Республикасы

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫНДАҒЫ ҚАТЫСТЫҚ СЫН ЕСІМДЕРДІҢ ЖАСАЛЫМЫ

Мақалада қазақ тілінің ақпараттық технология саласының терминологиясындағы қатыстық сын есімдер морфологиялық аспектіде қарастырылады. Мақаланың мақсаты – қатыстық сын есімдердің ақпараттық технология саласында бірізді берілуіне мән беру.

Зерттеу жұмысының ғылыми маңыздылығы және практикалық маңыздылығы – терминдерді сөз таптары бойынша қарастыру және сын есім сөз табынан болған терминдерді терминологияда термин ретінде қарастыру мәселесіне толыққанды зерттеу жүргізу. Сондай-ақ аппликатив(+ті), ассоциатив(+ті), абсолют(+ті), интерактив(+ті) транзитив(+тік), функциональ(+дық) секілді сындық мағынаны білдіретін кірме сын есімдерге үстемелеп +ті, +тік, +дық жұрнақтары не себепті жалғанады деген мәселе көтеріледі. Ақпараттық технология саласының терминологиясы қазақ тілінде әлі де болса толыққанды қалыптаспағандықтан, терминдерді жетілдіруге қатысты мәселелер үнемі көтеріледі.

Мақалада тіл біліміндегі сипаттамалы әдіс және салыстырмалы әдіс қолданылды. Зерттеу жұмысында терминология саласында сын есімдердің қолданылуына қатысты зерттеулерге және сын есімдердің қазақ тіл біліміндегі зерттеулеріне шолу жасалды. Қазақ тіліндегі ақпараттық технология саласындағы бекітілген терминдерге талдау жүргізілді. Яғни, қатыстық сын есім жасайтын жұрнақтарға талдау жасалды. Қазақ тілінің терминологиясы принциптерінің ішінде ұлт тілінде ұғымды беретін термин-сөз табылмаған жағдайда, туыстас тілдерден сөз алу принципі бар. Сол себепті қазақ тіліндегі кірме сын есім сөздер туыстас өзбек, әзірбайжан, түрік тілдеріндегі сын есімдермен салыстырылды.

Мақаланы қорытындылай келгенде, сын есім сөз табынан болатын кірме сөзге үстемелеп жұрнақ жалғап, қатыстық сын есім жасау орынсыз деген тұжырым ұсынылады. Терминдердің сапалы жасалуы тікелей терминдердің қолданысына әсер ететіндіктен, терминдердің бірізді қолданылуы зерттеудің құндылығы болып табылады.

Кілт сөздер: сын есім, термин, терминология, компьютер терминдері, ақпараттық технология, біріздендіру, морфология, тек сыны, сыр сыны

НЕГІЗГІ ЕРЕЖЕЛЕР

Сөз таптары тұрғысынан сөздердің терминденуін қарастыру терминология саласы үшін – маңызды. Тіл білімінде әлі өз шешімін таппаған мәселелердің бірі – сөз таптарының терминденуі. Себебі бұл мәселеге қатысты тілші-ғалымдардың пікірі бір арнаға тоғыспайды.

Қазіргі тіл білімінде кең ауқымды пікірталас тудыратын мәселенің бірі – терминдердің грамматикалық тұлғасының берілуі. Орыс тіл білімінде Г. О. Винокур, Н. А. Щеглова, А. А. Реформатский, О. С. Ахманова сынды бірқатар ғалымдардың пікірінше термин тек зат есім немесе зат есімдік тіркес арқылы беріледі. Сонымен қатар С. Д. Шелова, И. Г. Кожевникова, Ю. Б. Жидкова, В. П. Даниленко, А. В. Суперанская секілді басқа бір топ ғалымдар бұл пікірмен келіспейді. Қазіргі таңда терминдердің грамматикалық тұлғасы тек зат есім арқылы емес, сондай-ақ сын есім, етістік, үстеу арқылы да беріледі деп есептелуде. Сын есім, үстеу, есімше арқылы берілетін сөздер, сөз тіркесінің құрамында қолданылып, белгілі бір саланың терминдер жүйесінде терминбөлшекке айналады. Сондай-ақ осы терминбөлшектер арнайы әдебиеттер мен кәсіби қарым-қатынаста да жеке дара қолданыла береді.

Қазақ терминологиясында сын есімдердің терминологияда қарастырылуы А. Байтұрсынұлының, Қ. Жұбановтың, Ш. Құрманбайұлының, С.С.Исақованың, С. Әлісжанның еңбектерінде қарастырылған.

Ғалым Ш. Құрманбайұлы «Түркі тілдерінің терминжасамы: ұжымдық зерттеу» атты еңбекте терминологияда сын есімдердің өзіндік орны бар екендігін, қатыстық және сапалық сын есімдер тең дәрежеде қолданылатындығын айтады. Сын есімдер негізінен сөз тіркесінің құрамында кездессе де, сын есімнің зат есім сияқты дербес ешқандай сөзбен тіркеспей терминденуі де кездесетіндігін айтады. Мысалы үшін, сезікті (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «қылмыс істеді деп күдікпен ұсталған адамға» айтады. Тіл білімінде дыбыстар, сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер үнемі үнемделу құбылысына ұмтылатынын ескерсек, «сезікті адам» терминінде тіркестің екінші сыңары айтылмай, сын есім заттанып, термин ретінде жеке дара қолданылып тұр [1, 36]. Яғни бір ойды аз сөзбен жеткізу мақсатында терминологияда үнемдеу құбылысы орын алып тұр. Мұндай үнемдеу құбылысы тілдің ықшамдылығы мен тиімділігін арттырады, әрі сол саланың мамандары үшін мағынаны қысқа әрі түсінікті жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, сын есімдердің терминденуі олардың тек зат есімдермен бірге ғана емес, дербес термин ретінде де мағыналық жүктеме алу мүмкіндігіне ие бола алатындығын көрсетеді.

Терминологияда сын есімдер көбінесе сөз тіркесі құрамындағы терминбөлшек ретінде келіп, ұқсас терминдердің ерекшеліктерін нақтылау үшін қолданылады. Мысалы үшін, *дауысты дыбыс, дауыссыз дыбыс* секілді. Сондай-ақ осы жердегі *дауысты* және *дауыссыз* сын есімдері субстантивтеніп жеке дара да қолданыла береді. Терминологияда қатыстық сын есімдер де, сапалық сын есімдер де бірдей дәрежеде қолданылады. Қазақ тілінде ақпараттық

технология саласындағы қатыстық сын есімдердің жасалу формасындағы бірізді емес формалар – назар аудартатын мәселенің бірі. Мақалада кірме сын есімдердің қазақ тіліндегі жасалымына назар аударылады.

KIPICPE

Терминология зерттеу саласы ретінде салыстырмалы түрде жаңадан пайда болған салалардың – бірі. Шын мәнінде, бұл саланың пайда болуы мамандандырылған қарым-қатынасты және аударманы, сондай-ақ әртүрлі тілдік қауымдастықтардың араласуы нәтижесінде және білім деңгейлері ұқсас мәтін пайдаланушылары арасындағы білім алмасуды жеңілдетуге деген қажеттілікке байланысты пайда болды [2, 109].

Ақпараттық технологиялар саласындағы күнделікті қолданылатын терминдердің көпшілігі ағылшын тілінде жасалғандықтан, осы саланың терминологиясын жасауда ағылшын тілі басымдыққа ие. Осының салдарынан барлық мемлекеттің тілінде түрлі тілдік мәселелер туындауда.

Терминологиялық сөздіктерде берілген ұғымдар негізінен зат есімнің тілдік формасы арқылы айтылады. Техникалық ғылым салаларының тілдерінде тілтанымдық тұрғыдан сын есім және етістік ретінде берілетін ұғымдар тек сәйкесетін зат есіммен жиі беріледі. Сол себептен де кейбір теоретиктер сын есім мен етістік тұлғаларында берілетін терминдерді қарастырмайды.

Мақаланың негізгі мақсаты – ақпараттық технология саласы терминологиясындағы қатыстық сын есімдердің ерекшеліктеріне талдау жасау. Сондай-ақ олардың бірізді берілуіне мән беріледі. Терминология саласында сын есімдердің термин ретінде қарастырылуы ғалымдардың арасында талас тудыратын мәселелердің бірі болса, оған қоса қазақ терминологиясында қатыстық сын есімдердің жасалымы да зейін қойып қарастыруды талап етеді. Мақаланың негізгі өзектілігі – қазақ тіліндегі кірме сөздерден жасалған қатыстық сын есімдердің берілу формалары. Бұл жерде сын есімдердің терминдер жүйесіндегі алатын маңыздылығына тоқтай отырып, қатыстық сын есімдердің жасалу тұлғасын қарастырамыз. Форма тұрғысынан кірме сөздерге жұрнақ жалғану арқылы қазақ тіліне бейімделіп жасалған қатыстық сын есімдер, семантикалық тұрғыдан қарастырғанда сындық ұғымды беретін кірме сөздерге үстемелеп жұрнақ жалғап жасалуы мақалада көтерілетін негізгі мәселе.

Каталондық лингвист М. Тереза Кабрениң пікірінше, мағынасы жағынан терминдерді өздері беретін ұғымдар класы бойынша жіктеуге болады. Ұғымдарды ортақ белгілеріне және олардың бір-бірімен қарым-қатынасына сәйкес кластар мен ішкі кластарға топтастыруға болады. Қарым-қатынастың бірнеше түрлері ұғымдар, процестер және олардың өзара әрекеттесуінен туындаған күйлер де ұғымдар. Осыны ескере отырып, негізгі тұжырымдамалық топтар анықталып және осы топтар белгілі бір атаумен аталады:

- | | |
|--------------------------------------|---|
| 1. Объектілер мен нысандар | <i>зат есімдер</i> |
| 2. Процестер, операциялар, әрекеттер | <i>етістіктер, етістіктер атаулары</i> |
| 3. Қасиеті, күйі, сапасы | <i>сын есімдер</i> |
| 4. Қатынастар | <i>сын есімдер, етістіктер, демеуліктер</i> [3, 88] |

Мари-Клод ЛГоммның «Етістік пен сын есім терминдер туралы не айта алады?» [4] және К. Питкәнен-Хейкиля «Сын есімдер терминдер ретінде» [5] мақалаларында сын есімдердің терминологиядағы алатын орнына қатысты зерттеулер жүргізген. Зерттеу жұмыстарында зат есім сөз табынан жасалған терминдерді талдау кезінде семантикалық айырмашылықтарды қолдау немесе ұғымдық кластарды құру үшін пайдаланылады деп тұжырым жасайды.

Қазақ тіл білімінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы қатыстық сын есімдерді «Тіл тағылымы» еңбегінде *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті, -лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік, -шы, -ші* жұрнақтары арқылы жасалған сөздерді зат есімнен туған сөздер деп көрсетеді. Сонымен қатар осы еңбекте сын есімді екі түрге жіктейді. «Тек сыны» және «сыр сыны» деп көрсетеді. Тек

сыны нәрсенің тегін көрсетеді, мысалы үшін алтын жүзік, ағаш аяқ, күміс қасық, қағаз ақша, киіз қалпақ, жез құман, қайыс жүген, мақта жіп т.б. Сыр сыны нәрсенің ішкі, тысқы сырын, реңін яғни түрін, тегін, түсін, күйін, тұлғасын, пішінін, жайын көрсетеді. Мәселен, олақ, семіз, биік, арық, тоқ, аласа, жіңішке, жуан, толық, шебер, нәзік, аш, шорқақ, ұста т.б. [6, 217]. Ғалымның пікірінен қатыстық сын есімнің екі жолмен жасалатынын түсінуге болады. Біріншісі – жұрнақ жалғану арқылы, екіншісі ағаш, алтын, күміс, қағаз т. б секілді зат есімдердің адъективтенуі арқылы қатыстық сын есімдер жасалатынын көреміз.

С.С. Исакова «Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі» атты еңбегінде терминдердің қандай сөз таптарынан жасалғандығына қатысты маңыздылығын тіркесті терминдердің құрамын қарастырғанда олардың қандай сөз таптарынан жасалатындығын білудің маңызы зор екенін айтады. Бұл орайда қазақ терминологиясындағы тіркесті терминдерге қатысты мына пікірледі ұсынады: а) қазақ тілінде термин ретінде қолданылатын негізгі сөз табы — зат есім; ә) зат есімнен басқа сөз таптары жеке тұрып термин ретінде қолданылғанда заттану процесіне ұшырайды (мысалы: ойлау), б) зат есімнен басқа сөз таптары (сын есім, сан есім, есімдік, қимыл есімі, есімше, үстеу) тіркесті терминдердің құрамында терминэлемент есебінде жұмсалады (мысалы: қоғамдық сана, жаңаша ойлау); в) термин қалыптастыруда көмекші қызмет атқаратын терминэлементтер негізінен қазақ тілінің жұрнақтары мен көптік жалғаулары [7, 98].

Қазақ тіліндегі қатыстық сын есімдерді зерттеген ғалым Г.О. Сыздықова «сапалық сындар заттың бойындағы сыр-сипат, белгі-қасиеттерді бейнелесе, қатыстық сындар заттың бір-бірімен қатынасқа еніп, байланыстыруынан барып айқын бейне алған сипатын білдіруге негізделеді» деп анықтама береді [8, 84]. Бұл айырмашылықтың себебі – сапалық сын есімдер заттың өзіне тән табиғи белгілерді бейнелесе, қатыстық сын есімдер контекстке, заттың басқа заттармен қатынасына тәуелді сипаттарды білдіреді. Мысалы, «жасыл ағаш» – бұл заттың тұрақты табиғи белгісі, ал «темір есік» – материалдың қатыстық белгісі. Яғни, қатыстық сын есімдер тек заттың қасиетін емес, оның қандай да бір материалмен, басқа заттармен немесе құбылыстармен байланысын көрсетеді.

МАТЕРИАЛДАР МЕН ТӘСІЛДЕР

Мақалада қазақ тілінің ақпараттық технология саласындағы қатыстық сын есім терминдердің жасалуы қарастырылады. Терминдердің жасалымын қарастыру үшін 2014 жылы жарық көрген 30 томдық «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздіктер» топтамасындағы «Информатика және есептеуіш техника» [9] саласына қатысты сөздіктегі терминдерге талдау жасалды. Сондай-ақ «İnformatika terminlərinin izahlı lüğəti (ingiliscə-rusca-türkcə-azərbaycanca)» [10], «Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu» [11], «Англо-Русско-Узбекский толковый словарь терминов операционных систем информационных технологий» [12] сөздіктері салыстырылып зерттеу үшін пайдаланылды. Мақалада салыстырмалы әдіс және сипаттамалы әдіс қолданылды.

Зерттеу жұмысының бірінші кезеңінде ең алдымен қазақ тілінің ақпараттық технология терминологиясындағы қатыстық сын есім формаларын жасайтын жұрнақтар анықталды. Екінші кезеңінде кірме түбірден жасалған қатыстық сын есімдердің берілуіне назар аударылды. Кірме түбірден жасалған қатыстық сын есімдер семантикалық аспектіден қарастырылды. Сонымен қатар дәл осы терминдердің жасалу жолы түркі тілдерінің ішіндегі өзбек, әзірбайжан, түрік тілдерімен салыстырылды. Осы жүргізілген зерттеу жұмыстарына сәйкес сындық-сапалық ұғымды беретін кірме сөзге үстемелеп жұрнақ жалғау арқылы қатыстық сын есім жасалмауы қажет деген нәтиже ұсынылады.

НӘТИЖЕЛЕР

Алдымен ақпараттық технология саласындағы қатыстық сын есімдерді морфологиялық жасалуы бойынша жіктейік.

1. *-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті* жұрнағы қазақ тілінде есімнен сын есім тудыратын өнімді жұрнақтың – бірі. Негізгі және туынды зат есімдерге жалғанып, белгілі бір заттың я басқа бір құбылыстың бар екенін, я мол екенін білдіретін лексикалық мағына үстеп, туынды сын есімдер жасайды [13, 173].

-лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер: *қолданба+лы* программа (прикладная программа), *қосар+лы жүйе* (дублированная система), *магистрал+ды* желі (магистральная линия), *магнит+ті* таспа (магнитная лента), *скаляр+лы* шама (скалярная величина), *толықэкран+ды* редактор, *аппликатив+ті* тілдер (аппликативные языки), *ассоциатив+ті* амал (ассоциативная операция), *абсолют+ті* кодтау (абсолютное кодирование), *интерактив+ті* графика (интерактивная) графика, *декларатив+ті* тіл (декларативный язык), *концептуал+ды* деңгей (концептуальный уровень), *императив+ті* оператор (императивный оператор) [9].

2. *-атын, -етін, -йтын, -йтін* есімшенің жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер: *қосыл+атын* тіл (включаемый язык), *босаңдан+атын* генератор (релаксационный генератор) [9].

3. *-ған, -ген, -қан, -кен* есімшенің жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер: *нөмірлен+ген* кадр (нумерованный кадр), *тізбектел+ген* алгоритм (последовательный алгоритм), *үлестіріл+ген* жад (распределенная память), *бекітіл+ген* адрес (фиксированный адрес), *біріздендіріл+ген* жүйе (унифицированная система)[9].

Қ.Т.Нұрахметова «Есімше+зат есім үлгісіндегі сөз тіркестерінің синтагмалық ерекшеліктері» зерттеу жұмысында етістіктің зат есімге қатысты бағыныңқы позицияда тұруы тек есімше жұрнағының адъективтік мағынасы арқылы ғана мүмкін екендігін айтады. Зерттеуші есімше жұрнақтары етістікті адъективтендіретіндігін айта келіп, етістікті сын есімге айналдырады деген түсінік тұрмауы керектігін ескертеді. Бұл жерде тек уақытша адъективтену ғана болады деп түсіндіреді [14, 8]. *-атын, -етін, -йтын, -йтін, -ған, -ген, -қан, -кен* есімшенің жұрнақтары терминжасамда есімше мен зат есімнің тіркесінде нақты сындық ұғымды беріп тұр.

4. *-шы, -ші* жұрнағы терминжасамда есімдерден зат есім тудыратын ең өнімді жұрнақтың бірі ретінде көрсетіледі. Осы жұрнақ арқылы жасалған сын есімдер: *оңдау+шы* аударғыш (отладочный компилятор), *тұйықтау+шы* түйіспе (замыкающий контакт), *фокустау+шы* әрекет (фокусирующее действие), *экрандау+шы* цилиндр (экранирующий цилиндр), *есептеу+ші* машина (вычислительная машина), *басқару+шы* символ (управляющий символ) [9]. *Оңдаушы, тұйықтаушы, фокустаушы, экрандаушы, есептеуші, басқарушы* сөздері зат есімді анықтап сындық мағынаны иеленеді. А.Байтұрсынұлы «Тіл тағылымы» еңбегіндегі «Анықтауыш болатын сөз таптары» атты тараушасында «*барған кісі*», «*алушы адам*» деген сөз тіркестеріндегі алғашқы сындық ұғымды беріп тұрған *барған, алушы* сөздері қай? деген сұраққа жауап беретін етістіктің есімше түрі ретінде көрсеткен [6, 278 б.].

5. *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес* жұрнағы арқылы жасалған сын есімдер: *құрам+дас* компьютер (встроенный компьютер), *будан+дас* тіл (гибридный язык), *сыбай+лас* құрылым (структура смежности) [9]. *-лас, -лес, -дас, -дес, -тас, -тес* жұрнағы құрамы жағынан құранды, мағынасы мен қызметі жағынан омоним жұрнақ. Осы жұрнақ арқылы жасалатын туынды сын есімдердің мағыналары жұрнақ жалғанатын негіздердің мазмұндарына сәйкес бірлестікті, теңдестікті, ұластықты, қарымдастықты, мерзімдестікті білдіреді [13, 175].

6. Есімнен сын есім және зат есім тудыратын ең өнімді жұрнақтың бірі - *лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік* [13, 174].

лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік жұрнағының жалғанған сөздерге үстейтін мағыналары:

1) Зат есімдерге жалғанып, олардан әр сөздің нақтылы мағынасына қатысты қасиеттерді білдіретін туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: орталық, қоғамдық т.б.

2) Мезгіл атаулары мен әр қилы бұйым атауларына жалғанып, олардан мезгіл, өлшеу мөлшерімен байланысты туынды сын есімдер жасайды. Мысалы: айлық, жылдық, апталық т.б.

3) Есімдіктерге жалғанып, олардан белгілі бір жаққа қатыстықты білдіретін туынды есімдер жасайды. Мысалы: өздік, сендік, мендік т.б. [13, 174].

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік *жұрнағы арқылы жасалған ақпараттық технология саласындағы сын есімдер: құрал+дық* жүйе (инструментальная система), *лексика+лық* талдау (лексический анализ), *математика+лық* қамтым (математическое обеспечение), *мәтін+дік* кесте (текстовая таблица), *меңзер+лік* индикатор (стрелочный индикатор), *оналты+лық* қосу (шестнадцатеричное сложение), *плазма+лық* дисплей (плазменный дисплей), *сеанс+тық* қосылыс (сеансовое соединение), *статистика+лық* статистическая функция, *адрес+тік* тіркелім (адресная функция), *транзитив+тік* қатынас (транзитивное отношение), *функционал+дық* жүйе (функциональная система), *функционал+дық* үйлесімділік (функциональная совместимость), *база+лық* процессор (базовый процессор), *вектор+лық* шама (векторная величина), *диалог+тық* программа (диалоговая программа), *арифметика+лық* процессор, *домен+дік* құрылым (доменная структура), *кадр+лік* синхрондау (кадровая синхронизация) [8].

Сондай-ақ кейбір кірме сын есімдер түбір күйінде беріледі: *натурал* шама (натуральная величина), *параллел* код (параллельный код), *абсолют* шама (абсолютная величина), *виртуал* тапсырма (виртуальное задание).

ТАЛҚЫЛАУ

Қазақ тіліндегі сын есімдерді талдайтын болсақ, біздің ең бірінші байқайтын мәселеміз *аппликатив+ті, ассоциатив+ті, абсолют+ті, интерактив+ті транзитив+тік, функциональ+дық, магистрал+ды, концептуал+ды, натурал, параллел, виртуал* абсолют секілді сындық тұлғада тұрған терминдердің бірізді берілмеуі.

Мәселені нақтылап ашып түсіндіретін болсақ, *аппликатив(+ті), ассоциатив(+ті), абсолют(+ті), интерактив(+ті) транзитив(+тік), функциональ(+дық) сөздері сындық мағынаны білдіретін түбірі кірме сын есімдер*. Қазақ тілінің сөз тудырушы жұрнағы қосылып қайтадан сын есім жасалып тұр. Біріншіден, не себепті кірме сын есімге үстемелеп +ті, +тік, +дық секілді жұрнақтарды жалғайды деген сұрақ туындайды. Осы түбірі кірме сын есімдердің заттық ұғымды беретін формасына қазақ тілінің сөз тудырушы жұрнағын жалғаған орынды болмас па еді деп есептейміз.

Екіншіден, кейбір *абсолют, абсолютті* секілді терминдер бірде жұрнақсыз, бірде жұрнақ жалғану арқылы да кездеседі.

Алайда *статистика+лық, адрес+тік, лексика+лық, математика+лық, вектор+лық, плазма+лық, диалог+тық, арифметика+лық, сеанс+тық, домен+дік, база+лық* сын есімдерінің түбірі заттық ұғымды білдіретін зат есімдер болғандықтан, терминдердің жасалуы семантика тұрғысынан дұрыс деп есептейміз.

Терминолог-ғалым С.Қ. Құлманов осы мәселе жайында, қазақ тіліндегі мектеп оқулықтарындағы терминдерге қатысты мақаласында сөз қозғайды. Микросферацитарлы, эритроцитарлы, функциональдық сияқты терминдер, орыс тілінің сын есім тудырушы жұрнағы арқылы жасалып тұрған терминдер екенін көрсетеді. Оқулық авторы оған үстемелеп қазақ тілінің сын есім тудырушы жұрнағын жалғағандығын, бұл терминдерге қазақ тіліндегі сын есім тудырушы жұрнақтар микросферацитті, эритроцитті, функциялық болып зат есім тұлғасына жалғануы керектігін айтады. Сондай-ақ мұндай кемшіліктер қазақша медициналық оқулықтар мен оқу құралдарында көптеп кездесетіндігін көрсетеді [15, 93]. Осы микросферацитарлы ~ микросферацитті, эритроцитарлы ~ эритроцитті, функциональдық ~ функциялық терминдері бір ұғымды білдіретін терминдер. Зерттеушілер Т.Қ. Зайсанбаев пен Г.У. Ахметалиеваның «Аударма медициналық оқулықтар тілі туралы» атты мақаласында осы терминдерді қарастырады. Мақалада микросферацитарлы, эритроцитарлы, функциональдық терминдері орыс тіліндегі негізге қазақ тіліндегі есім тудырушы жұрнақтардың жалғануы арқылы жасалғандығын айтады. Жұрнақ жалғануы керек түбір сөздер – микросферацит, эритроцит, функция. Сондай-ақ қазақ тілінің termincom.kz терминологиялық базасында

«функциональдық» және «функциялық» сын есімдері орыс тіліндегі «функциональный» сөзінің аудармасы ретінде беріледі.

Ағылшын тілінің этимологиялық сөздігінде функционал+(дық) сөзі «function» (функция) сөзіне +al жұрнағын жалғанып «functional» сын есімі жасалған деп көрсетіледі. Яғни, біздегі «функциональдық» сөзіндегі «функционал» түбірі кірме сын есім.

Мақалада біз көтеріп отырған мәселе – сындық мағына беретін кірме сөздерге үстемелеп сын есімнің жұрнағын жалғамай қолдану. Кірме сөздің зат есім тұлғасын алып, сол сөзге сын есімнің жұрнағын жалғау қажет немесе сындық мағына беретін кірме сөзді ешқандай жалғау жалғамай-ақ алу керек. Сонымен қатар сындық мағынаны білдіретін кірме сөздің орнына өзіміздің тілімізден баламасын ұсынуымыз қажет.

Қ. Жұбанов «Математика терминдері жөнінде» атты мақаласында сын есім ретінде кездесетін халықаралық терминдердің сын есімдік жалғауына тағы да қазақ тілінің сын есімдік жалғауын қосып жазу орайсыз деп көрсетеді. Мысалы: *электрический фонарь – электір панары, техническое средство – техніка құралы*.

Қазақ тілінің термин жасау қағидаттарының қатарында ұлт тіліндегі ұғымды беретін термин сөз табылмаған жағдайда туыстас тілдерден сөз алу қағидаты бар. Бұл қағидатты ең алғаш 1924 жылдың маусым айында Орынборда «Қазақ ғылыми қызметкерлерінің 1-съезінде» Елдес Омарұлы ұсынған болатын.

Осы қағидатқа сәйкес қазақ тіліндегі кірме сын есім сөздердің формалары қалай беріледі деген мақсатпен, туыстас тілдермен салыстырайық.

Ағылшын тіліндегі «*interactive*» сөзі өзбек тіліне [12] транслитерация әдісі арқылы, әзірбайжан тіліне [10] транскрипция әдісі арқылы енген кірме сын есімдер. Түрік тілінде осы терминге балама ретінде «*etkileşimli*» [11] төл сөзі ұсынылған. «*Etkileşimli*» сөзінің түбірі «et» етістігінен келеді, мағынасы қазақ тіліндегі «ету» етістігіне сәйкес келеді. «Et» түбіріне +ki етістіктен есім тудыратын жұрнағын жалғау арқылы «etki» сөзі жасалады, қазақ тіліндегі мағынасы «әсер». Содан кейін «etki» сөзіне есімнен етістік жасайтын +le жұрнағын жалғап «әсер et» етістігі жасалады. «Etkile» етістігіне +ş ортақ етіс жұрнағы, +im жұрнағы арқылы етістіктен зат есім туындап, оған +li жұрнағын жалғау арқылы зат есімнен сын есім жасалып тұр.

Ал қазақ тілінде орыс тіліндегідей транслитерация әдісі арқылы алынған «*интерактив*» сөзіне жұрнақ жалғау арқылы тілге бейімдеп алу көзделген [9]. Яғни сындық ұғымды беретін кірме сөзге үстемелеп, сындық мағына беретін жұрнақты жалғаған. Сондай-ақ қазақ тілінде бір бөлігі ағылшын тіліндегі «*интер*» сөзі, екінші түбірі қазақ тілінің төл «*белсенді*» сөзінің бірігуі арқылы жасалған гибрид термин де қатар қолданылып, мәндесімдік қатар құрайды. Өзбек тілінде ағылшын тілінен енген кірме нұсқасымен қатар, ұлт тіліндегі «o‘zaro faol» қазақ тілінде «өзара белсенді» деген мағынаны білдіретін сөз тіркесі қолданылады.

Ағыл. Interactive ~ Орыс. Интерактивный ~ Қаз. Интербелсенді, интерактивті ~ Өзб. Интерактив, o‘zaro faol ~ Түрік. Etkileşimli ~ Әзір. Interaktif

Ағылшын тілінің сындық мағына беретін «*declarative*» сөзі өзбек, әзірбайжан тілдерінде [12], [10] транскрипция әдісі арқылы енген – кірме сөз. Қазақ тілінде де орыс тіліндегідей транскрипция әдісі арқылы алынып, оған қазақ тіліндегі +mi сындық мағына үстейтін жұрнақ жалғанады. Түрік тілінде «*declarative*» сөзіне мағынасы сәйкесетін «*bildirim*» [11] сөзі қолданылады.

Түрік тіліндегі «*bildirim*» сөзінің қазақ тілінде «жазбаша мәлімдеме, хабарландыру» мағынасын береді. Түрік тіліндегі «*bilmek*» етістігіне (қазақ тіліндегі «білу» мағынасын білдіретін сөз) +dir өзгелік етіс жұрнағын жалғанып, содан кейін етістіктен есім тудыратын +im жұрнағы жалғанып «*bildirim*» атауы жасалып тұр.

Ағыл. Declarative (language) ~ Орыс. Декларативный (язык) ~ Қаз. Декларативті (тіл) ~ Өзб. Declarativ (til) ~ Түрік. Bildirim (dili) ~ Әзір. Deklarativ (dil)

Ағылшын тіліндегі «*distributive*» сөзі орыс және қазақ тілдерінің [9] терминжасам шығармашылығында транслитерация әдісі арқылы алынып, оған осы тілдердегі +n(ый), +mik сын есім жасайтын жұрнақтар жалғап, сындық мағынаны беретін сөзге үстемелеп, сындық

мағына беретін термин-сөздер жасалынған. Әзірбайжан, өзбек, түрік тілдерінде осы сөзге балама ретінде төл сөздері қолданылады.

Әзірбайжан тіліндегі «*paylamaqla*» сөзінің түбірі «*pay*» парсы тілінен енген «сыйлық» деген мағынаны білдіретін сөз. Осы «*pay*» сөзіне *+la* есімнен етістік жасайтын жұрнағы жалғанады. Одан кейін «*payla*» сөзіне *+maq* етістіктен есім жасайтын жұрнағын жалғау арқылы жасалған термин.

Түрік тіліндегі «*dağıtık*» сөзі қазақ тіліндегі «кең таралған» деген мағынаны білдіреді. Қазақ тілінде «тарату», «айналысу» мағыналарын беретін «*dağıtmak*» етістігіне *+ık* жұрнағы жалғанып сын есім жасалған.

Өзбек тіліндегі «*tarqatuvchi*» сөзі қазақ тіліндегі мағынасы «тарқату» сөзінен болатын өзбек тіліндегі «*tarqat(+moq)*» етістігіне *+uv* етістіктен есім жасайтын жұрнағынан кейін, *+chi* жұрнағы жалғануы арқылы жасалған сын есім.

Әзірбайжан тіліндегі «*paylamaq*», түрік тіліндегі «*dağıtmak*», өзбек тіліндегі «*tarqatmoq*» сөздері қазақ тілінде «тарату» мағынасын береді.

Ағыл. *Distributive* ~ Орыс. *Дистрибутивный* ~ Қаз. *Дистрибутивтік* ~ Өзб. *Tarqatuvchi* ~ Түрік. *Dağıtık* ~ Әзір. *Paylamaqla*

Ағылшын тіліндегі «*conceptual*», «*imperative*» сөздері өзбек және әзірбайжан тілдеріне [12], [10] транслитерация әдісі арқылы енген. Орыс тілі мен қазақ тіліне де осы сөздерді транслитерация әдісі арқылы алып, осы сөздерге зат есімнен сын есім жасайтын жұрнақ жалғау арқылы бейімдеген. Түрік тілінде ғана «*conceptual*» сөзіне балама ретінде «*kavramsal*» сөзі, «*imperative*» сөзіне «*zorunlu*» сөзі қолданылады [11]. Түрік тіліндегі «*kavramsal*» сөзі қазақ тіліндегі мағынасы «түсіну» деген «*kavra(+mak)*» етістігіне етістіктен есім жасайтын *+m* жұрнағын жалғау арқылы қазақ тіліндегі «концепт» мағынасын беретін «*kavram*» сөзі шығады. Осы «*kavram*» сөзіне «қатысты болу, қосылған, тиесілі» мағынасын жүктейтін *+sal* (*+sel*) жұрнағын жалғау арқылы сын есім жасалады.

«*Zorunlu*» сөзінің мағынасы қазақ тілінде «міндетті» дегенді білдіреді. «*Zor*» қиын деген мағынаны білдіретін түбірге есімнен есім жасайтын (*+u*)n жұрнағын жалғау арқылы «*zorun*» сөзі жасалады. Осы сөзге *+lu* есімнен есім жасайтын жұрнақ қосу арқылы «*zorunlu*» есім сөзі қалыптасады.

Ағыл. *Conceptual* ~ Орыс. *Концептуальный* ~ Қаз. *Концептуалды* ~ Өзб. *Kontseptual* ~ Түрік. *Kavramsal* ~ Әзір. *Konseptual*

Ағыл. *Imperative* ~ Орыс. *Императивный* ~ Қаз. *Императивті* ~ Өзб. *Imperativ* ~ Түрік. *Zorunlu* ~ Әзір. *Imperative*

Ағылшын тіліндегі «*destructive*» сын есімінің орнына өзбек, түрік, әзірбайжан тілдерінде [12], [11], [10] төл сөздері қолданылады. Қазақ тілінде орыс тіліндегідей транслитерация әдісі арқылы алынған сындық мағына беретін «*деструктив*» сөзіне *+ti* жұрнағы жалғануы арқылы сын есімнің мағынасы үстеліп, туынды сын есім жасалып тұр.

Ағыл. *Destructive (read)* ~ Орыс. *Деструктивный* ~ Қаз. *Деструктивті* ~ Өзб. *Halokatli* ~ Түрік. *Bozucu (okuma)* ~ Әзір. *Silərak (oxuma)*

Өзбек тіліндегі «*halokatli*» сөзі – қазақ тілінде «жойылу» мағынасын беретін «*halokat*» түбіріне *+li* есімнен есім жасайтын жұрнақты қосу арқылы жасалған терминбөлшек.

Түрік тіліндегі «*bozucu*» термині қазақ тілінде «бүлдіру» мағынасын беретін «*boz(+mak)*» түбіріне *+ucu* етістіктен есім тудыратын жұрнағын жалғау арқылы жасалған. Әзірбайжан тіліндегі «*silərak*» сөзі қазақ тілінде өшіру мағынасын беретін *sil(+mek)* түбіріне *+ərak* көсемшенің жұрнағы жалғану арқылы жасалған.

Салыстырмалы талдаудан көріп отырғанымыздай, туысқан түркі тілдерінде ағылшын тіліндегі кірме сын есімдерге ұлт тілінен баламасын берген немесе сындық ұғымды беретін кірме сөзді ешқандай жұрнақсыз қабылдаған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысын қорыта келгенде, мақалада ақпараттық технология саласындағы қатыстық сын есімдердің жасалу формасы қарастырылды. Қазақ тілінің ақпараттық технология саласындағы қатыстық сын есімдердің берілу формасы бірізді емес екені анықталды. Терминология саласы үшін терминдердің нақты, бір формада берілуі өте маңызды.

Мақаланы тұжырымдай келгенде, қазақ тілінде де басқа түркі тілдеріндегідей, ағылшын тілінен енген кірме сын есімдер болса, сол ағылшын тілінің сындық-сапалық ұғымды беретін формасы қалай берілді, дәл солай алу ұсынылады. Сындық-сапалық ұғымды беретін кірме сөзге үстемелеп жұрнақ жалғап, қатыстық сын есім жасаудың қажеті жоқ деп есептейміз. Сондай-ақ, ұлттық тілде сапалы термин жасауға мән беру қажет.

Қазіргі таңда терминологияның тұрақтылығы мен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін қазақ тіліндегі ғылыми жұмыстарда терминдерді жүйелі түрде қолдану аса маңызды. Бұл ақпараттық технологиялар саласында терең және нақты білім қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, терминдер мен олардың мағыналарын дұрыс түсініп, қолдану терминологияның дамуына оң ықпал етеді.

Сондықтан, ақпараттық технологиялар саласында қолданылатын қатыстық сын есімдердің жасалу формаларына қатысты бірізділікті қамтамасыз ету, сондай-ақ, ұлт тілінің ерекшеліктерін сақтай отырып, сапалы терминдерді әзірлеу мәселелері алдағы зерттеулерде өзекті болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Түркі тілдерінің терминжасауы: ұжымдық зерттеу / ред. Ш. Құрманбайұлы. – Астана: «Ғылым» баспасы, 2018. – 371 б.
- 2 Faber P. A Cognitive Linguistics View of Terminology and Specialized Language. –Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, 2012. –303 p. [Ағылшын тілінде]
- 3 Teresa C. M. Terminology theory, methods and applications. – John Benjamins publishing company Amsterdam/Philadelphia, 1999. – 248 p. [Ағылшын тілінде]
- 4 L’Homme M. C. What can verbs and adjectives tell us about terms? // Terminology and Knowledge Engineering, TKE 2002. Proceedings. – 2002. – P. 28-30.
- 5 Pitkänen-Heikkilä K. Adjectives as terms // Terminology. International Journal of Theoretical and Applied Issues in Specialized Communication. – 2015. – Vol. 21. – No. 1. – P. 76-101.
- 6 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 217 б.
- 7 Исакова С.С. Қазақ терминтанымы: лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері, прагматикалық қызметі, Алматы, 2007 ж. – 159 б.
- 8 Ақкөзов Ә.Ә. Қайырбекова Ұ.С. Сапалық сын есімдердің функционалды-семантикалық аспектісі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. –154 б.
- 9 Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік, Информатика және есептеуіш техника / ред. М.Б. Қасымбеков. – Алматы: «КАЗақпарат» баспа корпорациясы, 2014. – 452 б.
- 10 İnformatika terminlərinin izahli lüğəti (ingiliscə-rusca-türkcə-azərbaycanca). – “Bakı” nəşriyyatı, 2017. –917 s. [Әзірбайжан тілінде]
- 11 Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu / Akalın, H. Ş. vd. – Ankara: TDK Yayını, 2013. –527 s. [Түрік тілінде]
- 12 Англо-Русско-Узбекский толковый словарь терминов операционных систем информационных технологий. – Тошкент: «Фан» нашриети, 2009. – 496 с.
- 13 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. –174 б.

14 Нұрмұхаметова Қ.Т. Есімше+зат есім үлгісіндегі сөз тіркестерінің синтагмалық ерекшеліктері. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2000. –30 б.

15 Құлманов С.Қ. Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде) // Шеттілдік ғылыми терминдерді аудару: теориясы мен тәжірибесі. Республикалық ғылыми-әдістемелік конференция материалдары. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, 2022. – Б. 123-128.

Материал 19.02.2025 баспаға түсті

Образование относительных прилагательных в терминологии информационных технологий казахского языка

Б.Е. Кенес¹, А.С. Актанова²

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, 010000, Республика Казахстан

²Национальная академия образования имени Ы. Алтынсарина, Астана, 010000, Республика Казахстан

В статье рассматриваются относительные прилагательные в терминологии сферы информационных технологий казахского языка в морфологическом аспекте. Цель статьи – проанализировать последовательную передачу относительных прилагательных в сфере информационных технологий.

Научная и практическая значимость исследования заключается в анализе терминов по частям речи и проведении комплексного изучения проблемы использования прилагательных в качестве терминов в терминологии. Также затронут вопрос о том, почему к заимствованным прилагательным как аппликатив(+ті), ассоциатив(+ті), абсолют(+ті), интерактив(+ті) транзитив(+тік), функциональ(+дық) прибавляются суффиксы +ті, +тік, +дық. Поскольку терминология сферы информационных технологий еще не полностью сформирована в казахском языке, проблемы, связанные с совершенствованием терминов этой сферы, будут актуальны всегда.

В статье использованы описательный и сравнительный методы в лингвистике. Проведен обзор исследований, касающихся использования прилагательных в области терминологии и исследований прилагательных в области казахского языкознания. Проведен анализ утвержденных терминов в сфере информационных технологий на казахском языке, в частности, рассмотрены относительные прилагательные.

Среди принципов терминологии казахского языка есть правило заимствования слов из родственных языков в случае отсутствия соответствующего термина в национальном языке.

В соответствии с этим принципом термины, образованные из прилагательных в казахском языке, сравниваются с прилагательными в родственном узбекском, азербайджанском, турецком языках. В заключении статьи отмечается, что добавление суффиксов к заимствованным прилагательным для образования относительных прилагательных не является необходимым. Поскольку качественное образование терминов напрямую влияет на использование терминов, системное употребление терминов является актуальностью исследования.

Ключевые слова: прилагательные, термин, терминология, компьютерные термины, информационные технологии, унификация, морфология, относительные прилагательные, качественные прилагательные.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Терминология тюркских языков: коллективное исследование / ред. Ш. Курманбайұлы. – Астана: Издательство «Ғылым», 2018. – 371 с. [На казахском языке]
- 2 Faber P. A Cognitive Linguistics View of Terminology and Specialized Language. –Berlin, Boston: De Gruyter Mouton, 2012. –303 p. [На английском языке]
- 3 Teresa C. M. Terminology theory, methods and applications. – John Benjamins publishing company Amsterdam/Philadelphia, 1999. – 248 p. [На английском языке]
- 4 L’Homme M. C. What can verbs and adjectives tell us about terms? // Terminology and Knowledge Engineering, TKE 2002. Proceedings. – 2002. – P. 28-30.
- 5 Pitkänen-Heikkilä K. Adjectives as terms // Terminology. International Journal of Theoretical and Applied Issues in Specialized Communication. – 2015. – Vol. 21. – No. 1. – P. 76-101.
- 6 Байтұрсынулы А. Языковая подготовка (казахский язык и учебные работы). – Алматы: «Ана тілі», 1992. – 217 с. [На казахском языке]
- 7 Исакова С.С. Казахская терминология: лексический состав, способы образования, прагматическая функция. - Алматы, 2007. – 159 с. [На казахском языке]
- 8 Аққозов А.А., Кайырбекова У.С. Функционально-семантический аспект качественных прилагательных: учебное пособие. – Алматы: Казахский университет, 2016. – 154 с. [На казахском языке]
- 9 Казахско-русский, Русско-казахский терминологический словарь, Информатика и вычислительная техника / ред. М.Б. Касымбеков. – Алматы: Издательская корпорация «Казахпарат», 2014. – 452 с.
- 10 İnformatika terminlərinin izahlı lüğəti (ingiliscə-rusca-türkcə-azərbaycanca). – “Bakı” nəşriyyatı, 2017. –917 s. [На азербайджанском языке]
- 11 Bilgisayar Terimleri Karşılıklar Kılavuzu / Akalın, H. Ş. vd. – Ankara: TDK Yayını, 2013. –527 s. [На турецком языке]
- 12 Англо-Русско-Узбекский толковый словарь терминов операционных систем информационных технологий. – Тошкент: «Фан» нашриети, 2009. – 496 с.
- 13 Исаков А. Морфология современного казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 174 с. [На казахском языке]
- 14 Нурмухаметова К.Т. Синтагматические особенности словосочетаний в форме местоимение+существительное. Автореферат диссертации, подготовленной на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Алматы, 2000. –30 с. [На казахском языке]
- 15 Кульманов С. К. Научно-практические проблемы унификации терминологии системы образования (на основе школьных учебников на казахском языке) // Перевод иностранных научных терминов: теория и практика. Материалы республиканской научно-методической конференции. – Астана: Национальный научно-практический центр «Тіл-Қазына» имени Ш. Шаяхметова, 2022. – С. 123-128. [На казахском языке]

Материал поступил в редакцию журнала 19.02.2025

Formation of relative adjectives in the terminology of information technologies of the kazakh language

B.E. Kenes¹, A.S. Aktanova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

²National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana, 010000, Republic of Kazakhstan

The article deals with relative adjectives in the terminology of the information technology sphere of the Kazakh language in the morphological aspect. The objective of the article is to analyze the sequential transfer of relative adjectives in the field of information technology. The scientific

significance and practical significance of the study is to consider terms in parts of speech and conduct a full-fledged study of the problem of considering terms from adjectives as terms in terminology.

Also the article considers the question of why the suffixes +mi, +mik, +дық are added to the borrowed adjectives applicative (аппликативми), associative (ассоциативми), absolute (абсолютми), interactive (интерактивми) transitive (транзитивтік), functional (функциональдық). Since the terminology of the information technology sphere has not yet been fully formed in the Kazakh language, the problems associated with improving the terms of this sphere will always be relevant.

The article uses descriptive and comparative methods in linguistics. In this study, a review of studies concerning the use of adjectives in the field of terminology and adjectives research in the field of Kazakh linguistics is carried out. The analysis of the approved terms in the field of information technologies of the Kazakh language is carried out. To be more precise, an analysis of relative adjectives has been conducted. Among the principles of terminology of the Kazakh language there is a principle of borrowing words from related languages, if there is no term-word that gives concepts in the national language. In accordance with this principle, terms formed from adjectives in the Kazakh language are compared with adjectives in the related Uzbek, Azerbaijani, Turkish languages.

In conclusion, the article suggests that there is no need to add suffixes to borrowed adjectives to form relative adjectives. Since the qualitative formation of terms directly affects the use of terms, the systematic use of terms is the relevance of the study.

Key words: adjectives, term, terminology, computer terms, information technology, unification, morphology, relative adjectives, qualitative adjectives

REFERENCES

- 1 Qurmanbaiuly, Sh. (Ed.). (2018), *Türki tilderiniñ terminjasamy: újymdyq zertteu* [Term Formation in Turkic Languages: A Collective Study]. Astana: "Gylym" baspasy [in Kazakh]
- 2 Faber, P. (2012), *A cognitive linguistics view of terminology and specialized language*. Berlin, Boston: De Gruyter Mouton [in English]
- 3 Teresa, C. M. (1999), *Terminology theory, methods and applications*. Amsterdam/Philadelphia: John Benjamins Publishing Company [in English]
- 4 L'Homme, M. C. (2002). What can verbs and adjectives tell us about terms? In *Terminology and Knowledge Engineering, TKE 2002. Proceedings* (pp. 28-30). [in English]
- 5 Pitkänen-Heikkilä, K. (2015), Adjectives as terms. *Terminology: International Journal of Theoretical and Applied Issues in Specialized Communication*, 21(1), 76-101. [in English]
- 6 Baitursynuly, A. (1992), *Til tagylymy (qazaq tili men oqý-aǵartýǵa qatysty eńbekteri)* [Language Lessons (Works on the Kazakh Language and Education)] Almaty: "Ana tili" [in Kazakh]
- 7 Isakova, S. S. (2007), *Qazaq termintanymy: leksikalyq qúramy, jasalý tásilderi, pragmatikalyq qyzmeti* [Kazakh Terminology Studies: Lexical Composition, Formation Methods, and Pragmatic Functions] Almaty. [in Kazakh]
- 8 Aqqózov, Á.Á., & Qayırbekova, Ú. S. (2016). *Sapaıyq syn esimderdiñ funksionaldy-semantikalıq aspektisi: oqý quraly* [Functional-Semantic Aspects of Qualitative Adjectives: A Textbook] Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh]
- 9 Qazaqsha-oryssha, oryssha-qazaqsha terminologıalyq sózdık: Informatika jáne esep-teýish tekhnika [Kazakh-Russian, Russian-Kazakh Terminological Dictionary: Informatics and Computer Technology] / Qasymbekov, M. B. (Ed.). (2014). Almaty: "KAZAqparat" baspa korporaciyası [in Kazakh]
- 10 *İnformatika terminlərinin izahlı lüğəti (ingiliscə-rusca-türkcə-azərbaycanca)* [Explanatory Dictionary of Informatics Terms (English-Russian-Turkish-Azerbaijani)] (2017). Bakı: Bakı nəşriyyatı [in Azerbaijani]
- 11 Akalın, H. Ş., et al. (2013), *Bilgisayar terimleri karşılıklar kılavuzu* [Computer terms equivalents guide]. Ankara: TDK Yayını. [in Turkish]

- 12 *Anglo-Russko-Uzbeksky tolkovy slovar' terminov operatsionnykh sistem informatsionnykh tekhnologiy* [English-Russian-Uzbek explanatory dictionary of terms of operating systems of information technologies] (2009). Toshkent: "Fan" nashriyoti [in Uzbek]
- 13 Ysqaqov, A. (1991), *Qazirgi qazaq tili: Morfologia* [Morphology of the modern Kazakh language]. Almaty: Ana tili. [in Kazakh]
- 14 Nurmukhametova, Q. T. (2000). *Esimshe + zat esim úlgisindegi sóz tirkesteriniń sintagmalıq erekshelekteri* (Avtoreferat) [Syntagmatic Features of Participial + Noun Phrase Structures: Author's Abstract of the Dissertation for the Degree of Candidate of Philological Sciences]. Almaty [in Kazakh]
- 15 Qulmanov, S. Q. (2022). *Bilim berý júesi terminologiasyn birizdendirúdiń gylimi-praktikalyq máseleleri (qazaq tilindegi mektep oqúlyqtary negizinde)* [Білім беру жүйесі терминологиясын біріздендірудің ғылыми-практикалық мәселелері (қазақ тіліндегі мектеп оқулықтары негізінде)] *Shet tildik gylimi teriminderdi aydaru: teoriasyn men tajiribesi* (pp. 123–128). Astana: Sh. Shayakhmetov atyndaǵy "Til-Qazyna" ulttyq gylimi-praktikalyq ortalyǵy [in Kazakh]

Received: 19.02.2025

FTAMP 16.21.33

DOI: [10.59102/kufil/2025/iss1pp104-114](https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss1pp104-114)

Ш. Құрманбайұлы¹, М.Е. Әділов¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, 050000, Қазақстан Республикасы

ҚАТЫН СӨЗІНІҢ СЕМАНТИКАСЫ

Тіл-тілде сөздің мағынасы өзгереді, дамиды. Сөздің семантикасы тарылса, енді бірде кеңейеді. Тіл білімінде сөз мағынасының жағымды немесе жағымсыз сипатқа ие болуы деген мәселе де арнайы қарастырылады. Сөздің жағымды сипатқа ие болуына байланысты жаман, шіркін, жауыз, шіркін, жынды, сұмдық деген сияқты сөздерді мысал ретінде келтіруге болады. Осылардың ішінде жаман, шіркін деген жағымсыз мәндегі сөздер «көз тимес» үшін айтылып, кейін келе-келе жақсы мағынаға ауысқан. Мәселен, осы күні «тамаша» деген сөзге ие «шіркін» сөзінің түпкі мағынасы «жаман» дегенге саяды. Сол секілді балаға көз тимес үшін айтылған «жаман бала» деген тіркестегі «жаман» сөзі де «жақсы» мағынаға ауысып, тіпті кісі есімдерінде Жаман, Жаманбай, Жамантай түрінде айтылып кеткен. Мысалы, түрік тілінде «йаман» деген сөз тек жақсы мәнде айтылса, біздің «керемет» дегенді білдіретін «шіркін» атауымыз «жаман» контекстінде жұмсалады.

Ал сөз мағынасының жағымсыз сипатқа ие болуы деген мәселеге келсек, осы мақалаға арқау болған қатын сөзі де мағына жағынан ауысуға ұшыраған. Өйткені бұл термин о баста «ханым, ханша, ханшайым» деген жағымды мағынада қолданылып, қазіргі кездері «жаман, кәрі, ұрысқақ әйел» дегенді аңғартатын болған. Осылайша мақалада көне түркі тілінен бері XX ғасырдың бастарына дейін жағымды мағынада қолданылған «қатын» сөзінің мағыналық өзгерісінің тарихы қарастырылады. Сөздің қазақтың ұлы ақыны Абайдың тілінде және Алаш қайраткерлері шығармаларында қалай құбылып қолданылғаны талданады. Терминнің жағымсыз мағынаға ауысуындағы себептері ашылып көрсетіледі.

Кілт сөздер: семантика, сөз мағынасының өзгеруі, қатын сөзі, Абай, Алаш қайраткерлері, дәрекі сөздер.